

Ауыл көшелеріне атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігі Бірлік ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 10 қыркүйектегі N 18 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 қыркүйекте N 14-7-85 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып, Бірлік ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. Бірлік ауылдық округіне қарасты:

Еркінабад ауылындағы атауы жоқ көшелеріне Жаңа құрылыс, Береке, Жастар;
Алғабас ауылындағы атауы жоқ көшелеріне Достық, Ынтымақ, Жұлдыз, Жасшуақ;

Қоңырат ауылындағы атауы жоқ көшелеріне Наурыз, Болашақ деген атаулары
б е р і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзыретіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі:

Н.Тұрашев